



**БҮЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

«07» 04 2022 жылғы №50  
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Жаңа мектепке- жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтердің қалалық байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жанғырту орталығы» МҚҚҚ (бұдан әрі - Орталық) жоспарына сәйкес және жас педагогтердің әлеуметтік мэртебесін және шығармашылық потенциалын белсендіру, әрі қарай кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне жағдай жасау, педагогтердің инновациялық белсенділіктерін дамыту мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Жаңа мектепке- жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтердің қалалық байқауы 2022 жылғы 26 сәуір күні № 83 мектеп-гимназия базасында өткізілсін.
2. «Жаңа мектепке- жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтердің қалалық байқауының (бұдан әрі -Байқау) ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін;
3. Байқаудың ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Байқаудың қазылар алқасы құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін;
5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу қаржыландыру шығыстарын сметага сәйкес қамтамасыз етілсін (Есхожина Ж.Д.).
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық басшысының орынбасары С.Даушевага жүктелсін.

**Басшы**

**С. Мадеев**

«04 04 2022 ж.  
№50 бүйрүкә  
1-қосымша

**«ЖАҢА МЕКТЕПКЕ – ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ» атты жас педагогтердің  
қалалық байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ереже**

1.1 «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтердің қалалық байқауы (бұдан әрі –Байқау) жас педагогтердің әлеуметтік мәртебесін және шығармашылық потенциалын белсендіру, әрі қарай кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне жағдай жасау және оларды Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде бекіту мақсатында, педагогтердің инновациялық белсенділіктерін дамыту аясында өткізіледі. Байқаудың 3-кезені №83 мектеп-гимназия базасында өткізіледі.

1.2 Байқаудың міндеттері:

- талантты жас педагогтерді анықтау;
- педагог еңбегінің дәрежесін көтеру;
- жас педагогтердың инновациялық идеялар мен қызмет түрлерін іздеу уәждемесін дамыту;
- жас педагогтарды дәстүрлі мәдени-білім ортасына тарту;
- педагогикалық қауымға жас педагогтардың жетістіктерін тарату.

1.3 Байқаудың қатысушылары барлық типтегі білім ұйымдарының байқауға қатысуға өтініш берген барлық педагог қызметкерлері;

- жоғары және кәсіби орта білімді;
- **үш жылға** дейін педагогикалық еңбек өтілі бар жас мамандар қатыса алады.

**2. Байқаудың шарты**

2.1 Байқаудың 2022 жылғы 26 сәуір күні **3- кезені** өткізіледі. Байқауға қатысу – тегін. Байқаудың 1-2 кезеңдері – онлайн форматта, 3-кезені оффлайн форматта ұйымдастырылады.

2.2 Байқаудың нәтижелерін бағалау және қорытындысын шығару қазылар алқасына жүктеледі.

2.3 Байқауға әр мектептен 1 жас маман қатыса алады.

**3. Байқауды өткізу талабы**

**Бірінші кезен** – «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» тақырыбында эссе жазу.

**Екінші кезен** – «Шығармашылық жолдың бастамасы» бейнепрезентациясы. Байқауға қатысушы өзін таныстырып, мамандығына деген көзқарасын ұсынады. (бейнепрезентация уақыты 3-5 минуттан аспауы тиіс).

Екі кезеңнің қорытындысы бойынша жоғары балл жинағандар: 3-кезенге жіберіледі.

**Үшінші кезең** – «Ашық сабак». Байқауға жалпы орта білім беретін (1-11 сыныптар аралығындағы) барлық пәндер бойынша төртінші тоқсанда өтетін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сабак береді.

Байқауға қатысуға бұрын жарияланбаған, басқа байқауларға қатыспаған, интернет желісінде орналастырылмаған бейнематериалдар қабылданады.

- электрондық нұсқада Байқауға қатысуға өтінім (1-қосымша);
- «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» тақырыбында эссе (өмірлік басымдықтар, кәсіби-тұлғалық позиция, жетекші педагогикалық идеялар). Эссе көлемі 1-1,5 бет, А4 пішімінде, шрифт – 14 кегель, интервал-1,0;
- ұзақтығы 3-5 минуттан аспайтын бейнепрезентация (электрондық нұсқада);

3.1. Өтінімді, 1,2 кезеңнің тапсырмаларын **2022 жылдың 16 сәуірінен** кешіктірмей жіберу керек.

Байқауға ұсынылған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.2. Барлық байқау материалдарын [shkolny\\_otdel\\_208@mail.ru](mailto:shkolny_otdel_208@mail.ru) электрондық поштасына жіберу қажет.

Байқауды өткізу кезінде мыналар бағаланады:

Эссені бағалау критерийлері:

- мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестігі;
- жазу сауаттылығы;
- логикалық және дәйекті ойларды ұсыну.

Бейнепрезентацияны бағалау критерийлері:

- презентация мазмұны;
- креативтілігі;
- түсірілім сапасы.

Ашық сабакты бағалау критерийлері:

- оқылатын тақырып мазмұнының күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкестігі;
- байқауға қатысушының кәсібілігі мен инновациялық идеяларын көрсетуі;
- сабак тақырыбының толық ашылуы;
- өзіндік ерекшелігі.

Байқаудың әрбір тапсырмасының нәтижелерін бағалау 10 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады.

Әрбір қатысушының ұпайларын жиынтық есептеу әрбір тапсырма үшін ұпайларды қосу жолымен жүргізіледі.

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады

Байқаудың 3 кезеңнің нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған үш қатысушы – Байқаудың лауреаттары атанады.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару, женімпаздарды марапаттау** Әділқазылар Байқау қорытындысын шығарады.

4.1. Байқау корытындысы бойынша қатысушылар I, II, III дәрежелі дипломдар және Алғыс хатпен марапатталады.

«Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтердің

қалалық байқауына

Өтініш

Педагогтың тегі, аты, әкесінің аты (жеке күәлік бойынша) \_\_\_\_\_

Облысы \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымының толық атауы  
\_\_\_\_\_

Пәні \_\_\_\_\_

Педагогикалық қызметінің еңбек өтілі

Байланыс ақпараты:

Ұялы телефоны:

Жұмыс телефоны:

e-mail:

Сабактың тақырыбы	Сыныбы	Оқыту тілі

«\_\_\_\_\_» 2022ж.